**МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы**

*Бекітемін:*

*меңгеруші Ш.Т.Жусупова*

**«Балақай» ересек қазақ тобының**

**2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің**

**перспективалық жоспары**

**Тәрбиешілер: Елепбергенова А.С.**

**Ильясова М.У.**

**Ақтөбе – 2023 жыл**

**Білім беру ұйымы:** Ақтөбе қаласы № 45 «Алтын бала» бөбекжай - балабақшасы
**Тобы: «Балақай»** ересек қазақ тобы
**Балалардың жасы:** 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023 жыл**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| | Дене шынықтыру | **Маман жоспары бойынша** |
| Қыркүйек | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Берілген сөздердегі (ж,з,с,ш,р,м,н,ң,у,л) үнді және ызың дыбыстарды анық айтады. Фонематикалыққабылдаудағдыларынқалыптастырады<br>**Сөздіккор.**<br>Адамдардың мамандықтарының атауларын атап, ажыратып, сипаттайды.Тұрмыстықзаттаржәнеқоршаған орта заттарынқолданадымаңыздылығынтүсінудағдыларынқалыптастырады.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жануарлар және олардың төлдерін атап, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолданады.<br>Әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құрады.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Көлемі шағын тақпақты жатқа айтады. Сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгімелейді, үлгі бойынша әңгіме құрастырады.<br>**Шығармаларды қабылдау.**<br>Ұсынылған тақырып бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастырады. |
| | Қазан | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дидактикалық ойындар барысында сөздегі дыбыстарды анық айтады. Сөздің дыбыстау мәдениетін түсінеді<br>**Сөздік қор.**<br>Заттардың бөліктерін атап, сипаттап, ажыратады. Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байытады; |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Суреттерді пайдалану арқылы жаңа сөздер құрады.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Берілген үлгі бойынша әңгіме құрастырады.<br>**Шығармаларды қабылдау.**<br>Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттырады |
| | | |
| | Қараша | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дидактикалық ойындар барысында сөздегі дыбыстарды анық айтып, айналамыздағы дыбыстарды ажыратып, атайды.<br>**Сөздік қор.**<br>Тұрмыстық заттарды атап, сипаттап, қолдану маңыздылығын түсіндіреді. Заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіреді;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда ойындарды қолданады.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Шағын ертегілерді айтады.<br>**Шығармаларды қабылдау.**<br>Үлгі бойынша әңгіме құрастыра алады; шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндайды. |
| | Желтоқсан | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дидактикалық ойындарды қолданады.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын айтып, жалпылаушы сөздермен атап, олардың тұрған орнын анықтайды.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сан есімдерді ретімен атап, оларды зат есімдермен бірге қолданады.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ұсынылған мазмұн бойынша сахналайды.<br>**Шығармаларды қабылдау.**<br>Шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндайды |

| | | |
|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет**<br><br>Қыркүйек | **Оқу, әңгімелеу** Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай біледі<br>**Мәнерлеп оқу** Балалар тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтайды<br>**Мазмұндау**<br>Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауды үйренеді.<br>**Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту** Ертегі кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін атап, олардың әрекеттерін бағалайды.<br>**Адамгершілік нормалары туралы түсінік**<br>Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктерін сипаттайды. |
| | Қазан | **Оқу, әңгімелеу**. Балалар түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен танысады.<br>**Мәнерлеп оқу** Өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруді үйренеді.<br>**Мазмұндау** Таныс ертегілердің мазмұнын айтып береді;<br>**Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту**<br>Түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алады;<br>**Адамгершілік нормалары туралы түсінік**<br>Тақпақтар мен өлеңдер мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап беріп, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіреді. |
| | Қараша | **Оқу, әңгімелеу** Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруды үйренеді<br>**Мәнерлеп оқу** Құрдастарымен диалогке , кейіпкерлердің мінезін сипаттайды.<br>**Мазмұндау** Әдеби кейіпкерлердің қылықтарын бағалай алады;<br>**Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту** Түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстайды;<br>**Адамгершілік нормалары туралы түсінік**<br>Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтап, Ертегі желісін ретімен орындап, таныс сюжет бойынша сахналауда, дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстайды. |
| | Желтоқсан | **Оқу, әңгімелеу** Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастырады<br>**Мәнерлеп оқу** Әдеби кейіпкерлердің қылықтарын бағалай алады;<br>**Мазмұндау** Сахнаны, аланды бағдарлайды;<br>**Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту** Ертегі желісін ретімен орындайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Адамгершілік нормалары туралы түсінік**<br>Театрландырылған қойылымды дайындау барысында құрдастарымен өзара әрекет етіп, құрдастарына достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсетеді |
| | **Математика негіздері**<br><br>Қыркүйек | **Жиын.** Әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттарды топтастырады.<br>**Сан, санау:** Заттарды 5ке дейін санап, сандарды реті бойынша атап, "Барлығы қанша?" сұрағына жауап береді. Бірінің астына бірі 2 қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстырады.<br>**Шама.** Ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстырады.<br>**Геометриялық пішіндер:** Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб,шар, цилиндр) атап, ажыратады<br>**Кеңістікте бағдарлау.** Өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай, өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтап, өзінің дене бөліктерін бағдарлап және атайды (бас, аяқтар, қолдар).<br>**Уақытты бағдарлау.** Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажыратып және атайды. |
| | Қазан | **Жиын.** Заттарды салыстырады<br>**Сан, санау:** Теңдік және теңсіздік ұғымдарын ажыратады. Салыстырылатын топтар: бір көп, бір және екі, екі және үш және төрт, төрт және бес;<br>**Шама.** Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды беттестіріп, тұтастырып салыстырады<br>**Геометриялық пішіндер:** Геометриялық пішіндерді атап, пішіндерді зерттеп, олардан бейне шығарады.<br>**Кеңістікте бағдарлау.** Өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай бағдарлай білуді үйренеді<br>**Уақытты бағдарлау.** Кеңістікті және уақытты бағдарлай алады. |
| | Қараша | **Жиын.** Заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстырады<br>**Сан, санау:** Теңді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, "Қанша еді?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап береді<br>**Шама.** Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстырады;<br>**Геометриялық пішіндер:** Дағдыларды қалыптастырады: геометриялық пішіндерді таниды және атайды<br>**Кеңістікте бағдарлау.** Дағдыларын қалыптастырады: өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай біледі,<br>**Уақытты бағдарлау.** Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастырады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Желтоқсан | **Жиын.** Заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстырып, тең немесе тең еместігін анықтайды.<br>**Сан, санау:** 5-ке дейін реттік санап, "Нешінші?", "Саны бойынша қайсысы?" сұрақтарына жауап береді. Әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санайды (көру, есту, иіс сезу). Тура және кері бағытта 5 көлемінде санайды.<br>**Шама.** Шаманы салыстырады, беттестіреді және тұстастырып, тәсілдерін қолданады.<br>**Геометриялық пішіндер:** Пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастырады.<br>**Кеңістікте бағдарлау.** Заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастырады<br>**Уақытты бағдарлау.** Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажыратып және атайды. |
| | **Құрастыру**<br><br>Қыркүйек | **Құрылыс материалдарынан құрастыру.**<br>Сызбаны қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастырады.<br>**Қағаздан құрастыру.**<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіреді, детальдің негізгі түрін желімдейді<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.** Табиғи, қалдық материалдардан құрастырады.<br>**Конструктор бөлшектерінен құрастыру.** Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастырып, құрылысты безендіру үшін түрлі түсті бөлшектерді қолданып, биіктігі, ұзындығы, ені бойынша құрылыстарды өзгертеді. |
| | Қазан | **Құрылыс материалдарынан құрастыру.** Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастырады;<br>**Қағаздан құрастыру.** Умаждау, жырту, шиыршықтауды қолданып берілген затты құрастырады<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.** Биіктігі, ұзындығы, ені бойынша құрылыстарды өзгертеді;<br>**Конструктор бөлшектерінен құрастыру.**<br>Бөлшектерді бекіту тәсілдерін қолданады |
| | Қараша | **Құрылыс материалдарынан құрастыру.** Үлгі бойынша құрастырады;<br>**Қағаздан құрастыру.** Қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдейді<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.** Табиғи материалдардан түрлі заттар дайындайды; конструктордан құрылыс жасайды.<br>**Конструктор бөлшектерінен құрастыру.** Ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіреді. |
| | Желтоқ | **Құрылыс материалдарынан құрастыру.** Үлгі бойынша таяқшалардан, жолақшалардан құрастырады |

| | | |
|---|---|---|
| | сан | **Қағаздан құрастыру.** Қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдырады.<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.**<br>Табиғи материалдардан түрлі заттар дайындайды.<br>**Конструктор бөлшектерінен құрастыру.**Конструкторданқұрылысжасайды |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Қыркүйек | **Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары:** Өлі табиғат нысандары- су, жер, ауа, күннің көзі туралы білімдерін кеңейтеді ; Отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыруда, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атайды.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:** Күзгі, қысқы табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамытады;<br>**Өсімдіктер әлемі:** Бөлме өсімдіктері, олардың ерекшеліктерін ажыратып, олардың өсіп – өнуіне қажетті жағдайларды атайды<br>**Жануарлар әлемі:** Үй жануарлары және жабайы аңдар, олардың сыртқы келбеті, қозғалуы, күз мезгіліндегі (сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, мекені, азығы,) қоректену тәсілдері және қысқы дайындығы туралы біледі<br>**Бала, оның отбасы, үйі:** Бала өзі жайлы біледі **Заттық әлем.** Таныс емес заттарды қолдану туралықоршаған ортадағы заттардың қолданысы, құрылысы, материалы арасындағы байланысы туралы түсінеді ;<br>**Әртүрлі мамандықтағы адамдар туралы ұғым.** Балабақша қызметкерлері мен олардың еңбек әрекеттері, адамның тұратын үйі, балабақша, мектеп, ересектердің еңбектері туралы айта алады.<br>**Жолда жүру ережелері.** Көлік түрлерін біледі, |
| | Қазан | **Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары:** Өлі табиғат нысандарын (су, жер, ауа, күннің көзі) атап, қажеттілігін ажыратады.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:** Табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр, тұман атап, ажыратады. Қазақ киіз үйі оның құрылысы ішіндегі заттарды, ұлттық киімдер мен әшекейлерді атайды және ажыратады.<br>**Өсімдіктер әлемі:** Көкөністер мен жемістерді ажыратып, атайды; Балабақшаның ауласындағы және маңайдағы кейбір ағаштардың, бұталардың түрлерін ажыратып, ерекшеліктерін атайды.<br>**Жануарлар әлемі:** Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы біледі Телефон, компьютер, теледидардың қолданысы туралы айтып, оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелерімен таныстырады.<br>**Бала, оның отбасы, үйі:** Бала өзінің жағдайы туралы айтады **Заттық әлем.** Ұлттық киімді дайындау, әшекейлер туралы; көлік түрлерінің қолданысы (әуе, су, жерде жүретін көліктер) туралы айтады; |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Әртүрлі мамандықтағы адамдар туралы ұғым.** Қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы біледі.<br>**Жолда жүру ережелері.** Жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жолды біледі |
| | Қараша | **Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары:** Күзгі табиғатты бақылауда қарапайым өзгерістерін атап, адамдардың күзгі әрекеттерін сипаттайды.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:** Балабақша қызметкерлері мен олардың еңбек әрекеттерін атап, олардың еңбектерінің нәтижелеріне құрмет көрсетеді Көлік түрлерінің қолданысын және онда өзін ұстау жолдарын айтады. (әуе, су, жерде жүретін көліктер)<br>Жүктің сипаты және қолданылуы машинаның құрылысына тәуелділігі туралы айтады (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа);<br>**Өсімдіктер әлемі:** Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілейді;<br>**Жануарлар әлемі:** Қыстап қалатын және жыл құстары туралы біледі<br>**Бала, оның отбасы, үйі:**. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдайды **Заттық әлем.** Жүктің сипаты және қолданылуы машинаның құрылысына тәуелділігі туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа);мамандықтар және ересектердің еңбегі туралы айта алады;<br>**Әртүрлі мамандықтағы адамдар туралы ұғым.** Біздің еліміздің қорғаны әскер туралы білімдері қалыптасады.Қазақстан республикасының бас қаласы – Нұр-Сұлтан туралы білімдерін суреттерді, альбомдарды қолданып, қарастыру арқылы көрсетеді.<br>**Жолда жүру ережелері.** Жерасты өту),бағдаршам белгілері туралы айта алады, |
| | Желтоқсан | **Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары:** Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылап және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілейді<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:** Ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната алады; **Өсімдіктер әлемі:** Қарапайым тәжірибелерді жүргізеді.<br>**Жануарлар әлемі:** Табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелері туралы біледі.<br>**Бала, оның отбасы, үйі:** Баланың туыстық қатынастарды түсінеді;<br>**Заттық әлем.** Телефон, компьютер, теледидардың қолданысы туралы біледі және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелерімен танысады.<br>**Әртүрлі мамандықтағы адамдар туралы ұғым.** Мемлекеттік рәміздер туралы (Ту, Елтаңба, Әнұран) біледі Өз елінің рәміздеріне құрметпен қарайды.<br>**Жолда жүру ережелері.** Жолда жүру ережелері туралы айта алады. |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| | **Сурет салу** Қыркүйек | **Заттық сурет салу.** Дербес тәжірибелік әрекеттерімен борды пайдаланып сурет салады. **Сюжеттік сурет салу:** Қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелейді. **Сәндік сурет салу.** Қазақ халқының және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер шығармаларын атайды. |
| | Қазан | **Заттық сурет салу**. Көкөністер мен жемістерді бейнелейді.<br>Көкөністер мен жемістерді, ыдыстар, ойыншықтар, жануарларды бейнелейді;<br>**Сюжеттік сурет салу:** Әртүрлі бағыттағы тура сызықтарды қиылыстыру арқылы затты бейнелейді. (жиһаз)<br>**Сәндік сурет салу.**<br>Жіп арқылы (блотография) берілген бейнені салып, қарындаштың көмегімен кескінге айналдырады. (күзгі ағаш) ) элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастырады |
| | Қараша | **Заттық сурет салу.**Дөңгелек пішіннен заттарды салады. (Қанқыз бен құрт)<br>**Сюжеттік сурет салу**: Баяндау арқылы ертегідегі кейіпкерлерді бейнелейді.<br>**Сәндік сурет салу**. Қазақ оюларының кейбір элементтерін салады **;**Алақанды пайдалану арқылы жануарларды бейнелейді. |
| | Желтоқсан | **Заттық сурет салу.** Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастырады<br>**Сюжеттік сурет салу:** Техникалық дағдылар мен біліктерді игереді.<br>**Сәндік сурет салу.** Қазақ оюларының кейбір элементтерін салады.<br>Өзінің жұмыстарын және басқа балалардың жұмыстарын бағалайды. |
| | **Мүсіндеу** Қыркүйек | **Заттық мүсіндеу.** Түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін бере отырып мүсіндейді.<br>**Сюжеттік мүсіндеу.** Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндейді<br>**Сәндік мүсіндеу:** Ұлттық ойыншықтар туралы біледі, халық шығармашылығының желісі бойынша бейнелер жасайды. |
| | | **Заттық мүсіндеу.** Пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі бөліктен |

| | | |
|---|---|---|
| | Қазан | тұратын заттарды мүсіндейді. **Сюжеттік мүсіндеу.** Түрлі пішіндегі және көлемдегі таныс заттарды түрлі тәсілдерді қолданып, мүсіндей алады; **Сәндік мүсіндеу:** Халық бұйымдарының желісі бойынша ыдыстарды мүсіндейді |
| | Қараша | **Заттық мүсіндеу.** Адамның пішінін (дене бөліктерін: бас, кеуде, қолдары, аяқтары) мүсіндейді<br>**Сюжеттік мүсіндеу.** Халық ойыншықтардың бейнелерін мүсіндеп, кескішпен түрлі безендіреді.<br>**Сәндік мүсіндеу:** Халық шеберлерінің еңбектерін атап, халық бұйымдарының желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеп, кескіш көмегімен безендіреді |
| | Желтоқсан | **Заттық мүсіндеу.** Көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндейді.<br>**Сюжеттік мүсіндеу.** Халық шығармашылығының желісі бойынша тұрмыстық заттар мен ойыншықтардың бейнелерін мүсіндейді;<br>**Сәндік мүсіндеу:** Кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіреді |
| | **Жапсыру**<br><br>Қыркүйек | **Заттық жапсыру:** Қайшыны дұрыс ұстап және пайдалана біледі.<br>**Сюжеттік жапсыру:** Барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелейді, заттарды қағаз бетінде орналастырады<br>**Сәндік жапсыру.** Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып өрнектер құрастырып, ұсынылған затқа жапсырады |
| | Қазан | **Заттық жапсыру:** Түзу сызық бойымен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиып, ұзын, қысқа жолдарды желімдейді.<br>**Сюжеттік жапсыру:** Жануарлар пішінін бейнелейді, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптасады..Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеріп, қағаз бетіне орналастырады.<br>**Сәндік жапсыру.** Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін біледі. |
| | Қараша | **Заттық жапсыру:** Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиып, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеп, желімді, сүлгіні қолданады.<br>**Сюжеттік жапсыру:** Тар жолақтарды көлденеңінен қияды, шаршыдағы бұрыштарды қиюды біледі<br>**Сәндік жапсыру.** Композиция құрайды; жолаққа геометриялық пішіндер мен өсімдік өрнектерінен өрнектер жасай алады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Желтокса н | **Заттық жапсыру:** Қысқа және ұзын жолақтарды, дөңгелек пішіндерді қияды;<br>**Сюжеттік жапсыру:** Дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қия алады<br>**Сәндік жапсыру**. Жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрі екенін біледі |
| | **Қазақ тілі**<br><br>Қыркүйек | Берілген сөздердегі (ж,з,с,ш,р,м,н,ң,у,л) үнді және ызың дыбыстарды анық айтады. Фонематикалыққабылдаудағдыларынқалыптастырады<br>Адамдардың мамандықтарының атауларын атап, ажыратып, сипаттайды.Тұрмыстықзаттаржәнеқоршаған орта заттарынқолданадымаңыздылығынтүсінудағдыларынқалыптастырады.<br>Жануарлар және олардың төлдерін атап, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолданады.<br>Әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құрады.<br>Көлемі шағын тақпақты жатқа айтады. Сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгімелейді, үлгі бойынша әңгіме құрастырады.<br>Ұсынылған тақырып бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастырады. |
| | Қазан | Дидактикалық ойындар барысында сөздегі дыбыстарды анық айтады. Сөздің дыбыстау мәдениетін түсінеді<br>Заттардың бөліктерін атап, сипаттап, ажыратады. Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байытады;<br>Суреттерді пайдалану арқылы жаңа сөздер құрады.<br>Берілген үлгі бойынша әңгіме құрастырады.<br>Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттырады |
| | Қараша | Дидактикалық ойындар барысында сөздегі дыбыстарды анық айтып, айналамыздағы дыбыстарды ажыратып, атайды.<br>Тұрмыстық заттарды атап, сипаттап, қолдану маңыздылығын түсіндіреді. Заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіреді;.<br>Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда ойындарды қолданады.<br>Шағын ертегілерді айтады.<br>Үлгі бойынша әңгіме құрастыра алады; шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндайды. |
| | Желтокса н | Дидактикалық ойындарды қолданады.<br>Қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын айтып, жалпылаушы сөздермен атап, олардың тұрған орнын анықтайды.<br>Сан есімдерді ретімен атап, оларды зат есімдермен бірге қолданады. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ұсынылған мазмұн бойынша сахналайды.<br>Шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндайды |
| | **Музыка** | **Маман жоспары бойынша** |

| | | |
|---|---|---|
| | Желтоқсан | **Заттық жапсыру:** Қысқа және ұзын жолақтарды, дөңгелек пішіндерді қияды;<br>**Сюжеттік жапсыру:** Дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қия алады<br>**Сәндік жапсыру**. Жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрі екенін біледі |
| | **Қазақ тілі**<br><br>Қыркүйек | Берілген сөздердегі (ж,з,с,ш,р,м,н,ң,у,л) үнді және ызың дыбыстарды анық айтады. Фонематикалыққабылдаудағдыларынқалыптастырады<br>Адамдардың мамандықтарының атауларын атап, ажыратып, сипаттайды.Тұрмыстықзаттаржәнеқоршаған орта заттарынқолданадымаңыздылығынтүсінудағдыларынқалыптастырады.<br>Жануарлар және олардың төлдерін атап, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолданады.<br>Әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құрады.<br>Көлемі шағын тақпақты жатқа айтады. Сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгімелейді, үлгі бойынша әңгіме құрастырады.<br>Ұсынылған тақырып бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастырады. |
| | Қазан | Дидактикалық ойындар барысында сөздегі дыбыстарды анық айтады. Сөздің дыбыстау мәдениетін түсінеді<br>Заттардың бөліктерін атап, сипаттап, ажыратады. Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байытады;<br>Суреттерді пайдалану арқылы жаңа сөздер құрады.<br>Берілген үлгі бойынша әңгіме құрастырады.<br>Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттырады |
| | Қараша | Дидактикалық ойындар барысында сөздегі дыбыстарды анық айтып, айналамыздағы дыбыстарды ажыратып, атайды.<br>Тұрмыстық заттарды атап, сипаттап, қолдану маңыздылығын түсіндіреді. Заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіреді;.<br>Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда ойындарды қолданады.<br>Шағын ертегілерді айтады.<br>Үлгі бойынша әңгіме құрастыра алады; шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндайды. |
| | Желтоқсан | Дидактикалық ойындарды қолданады.<br>Қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын айтып, жалпылаушы сөздермен атап, олардың тұрған орнын анықтайды.<br>Сан есімдерді ретімен атап, оларды зат есімдермен бірге қолданады. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ұсынылған мазмұн бойынша сахналайды.<br>Шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндайды |
| | **Музыка** | **Маман жоспары бойынша** |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қантар | Дене шынықтыру | **Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.** Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. |
| | Сөйлеуді дамыту | Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. |
| | Көркем әдебиет | Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. |
| | Қазақ тілі | сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастыруға үйрету; «Мынау не?» |

| | | |
|---|---|---|
| | | «Неше?», «Қандай?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйрету. «Қ», «І», «Ү» , «Ы» дыбыстарының айтылуын үйрету.(төлдер, құлын, лақ, күшік, үреді) тақырып бойынша сөздік қорларын кеңейту; тірек сызбасымен жұмыс істей отырып байланысты тілді дамыту;«Ғ», «І», «Ө», «Ү» дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Жабайы құстар, құстар, тоқылдақ, торғай, қарға, қонады) |
| | Математика негіздері | **Шама**<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | **Еңбекке баулу**<br>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен карауды калыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.<br>Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар, пышақтар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гүлдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру және т.б.<br>Жақындарыныңмамандықтарымен таныстыру, олардың |

| | | |
|---|---|---|
| | | атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.<br>Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. |
| | Құрастыру | **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру**<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау. |
| | Сурет салу | **Заттық сурет салу.**<br>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>**Сюжеттік сурет салу:**<br>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сәндік сурет салу.**<br>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. |
| | Мүсіндеу | **Заттық мүсіндеу**<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>**Сюжеттік мүсіндеу**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.<br>**Сәндік мүсіндеу:**<br>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларынын элементтерімен безендіру.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Жапсыру | **Заттық жапсыру:**<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.<br>**Сюжеттік жапсыру:**<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын |

| | | |
|---|---|---|
| | | қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту<br>**Сәндік жапсыру**<br>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | Музыка | Музыка жетекшісінің жоспары бойынша |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Ақпан | Дене шынықтыру | **Кеудеге арналған жаттығулар**<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.<br>**Аяққа арналған жаттығулар** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. |
| | Сөйлеуді дамыту | **Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.). |
| | Көркем әдебиет | Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. |
| | Қазақ тілі | Тақырыпқа байланысты сөздермен таныстыру; «Мынау не?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; «І», «Һ», «Ө», «Ү», «Қ», дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (жиһаз, айна, керуерт, сөре, жат, отыр) |
| | Математика негіздері | **Геометриялық фигуралар**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге |

| | | |
|---|---|---|
| | | үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | **Өлі табиғат құбылыстары мен заттары**<br>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды және т.б.), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. |
| | Құрастыру | **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру**<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау. |
| | Сурет салу | **Заттық сурет салу.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>**Сюжеттік сурет салу:**<br>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.<br>**Сәндік сурет салу.**<br>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. |
| | Мүсіндеу | **Заттық мүсіндеу.**<br>Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу;<br>**Сюжеттік мүсіндеу.**<br>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.<br>**Сәндік мүсіндеу:**<br>балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. |
| | Жапсыру | **Заттық жапсыру:**<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сюжеттік жапсыру:**<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, коржынмен және т.б. таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту<br>**Сәндік жапсыру**<br>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | Музыка | Музыка жетекшісінің жоспары бойынша |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Наурыз | Дене шынықтыру | **Спорттық жаттығулар**<br>Шанамен сырғанау. Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу, мұзды жолдармен өзбетінше сырғанау.<br>Шаңғымен жүру. Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру. Ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.<br>Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жаса |
| | Сөйлеуді дамыту | **Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.). |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Байланыстырып сөйлеу**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге катысуға баулу, диалогке катысушы үшін түсінікті сұрақтар коюға және койылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. |
| | Көркем әдебиет | Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды баска қырынан көрсетуге (катыгез-мейірімді, аккөңіл-салмакты) ынталандыру. |
| | Қазақ тілі | «Киім» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту;. «Мынау не?», «Қандай?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; «І», «Ө», «Ғ», «Қ» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Жазғы киім, қысқы киім,<br>бас киім, аяқ киім, сәнді, ұлттық) тірек сызбасымен жұмыс істей отырып байланысты тілді дамыту. Тәрбиеші талаптарын накты орындауларын бақылау, ерекше дыбыстардың дұрыс айтылуын қадағалау, жекеше және көпше түрлерін қолдану (көктем, наурыз, гүлдер, шөп шығады, күн жылынады) Қазақтың ұлттық мерекесіне байланысты сөздермен таныстыру, Наурыз мерекесіне қатысты өлең, такпақ үйрету. Балалардың Отан сүйгіштік сезімдерін ояту. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Наурыз мейрамы, ұлттық тағамдар) |
| | Математика негіздері | **Геометриялық фигуралар**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | **Өсімдіктер әлемі**<br>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.<br>Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, |

| | | |
|---|---|---|
| | | күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.<br>Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман-бақша), гүлдер (бөлме, бақша және шабындық), бұталар және ағаштар (бақша және орман).<br>Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. |
| | Құрастыру | **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру**<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау. |
| | Сурет салу | **Заттық сурет салу.**<br>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.<br>**Сюжеттік сурет салу:**<br>Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br>**Сәндік сурет салу.**<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | Мүсіндеу | **Заттық мүсіндеу**<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>**Сюжеттік мүсіндеу**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.<br>**Сәндік мүсіндеу:**<br>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі казақ оюларының элементтерімен безендіру.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Жапсыру | **Заттық жапсыру:**<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін кию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.<br>**Сюжеттік жапсыру:**<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту<br>**Сәндік жапсыру**<br>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | Музыка | Музыка жетекшісінің жоспары бойынша |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Сәуір | Дене шынықтыру | **Салауатты өмір салтын қалыптастыру**<br>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.<br>«Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.<br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.<br>Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. |
| | Сөйлеуді дамыту | **Байланыстырып сөйлеу**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| | Көркем әдебиет | Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым- |

| | | |
|---|---|---|
| | | ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды баска қырынан көрсетуге (катыгез-мейірімді, аккөңіл-салмакты) ынталандыру. |
| | Қазақ тілі | Түстердің атауларымен сөздік қорларын молайту; «Қ», «Ө», «Ң» дыбыстарының айтылуын үйрету. «Қандай?», «Неше?» деген сұрақтарға жауап беруді үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (көгілдір, қызғылт, күлгін) 1 ден 10 ға дейін тура және кері санауға үйрету; «І», «Ө», «Ғ» дыбыстарының айтылуын үйрету. «Не істейді?», «Неше?» деген сұрақтарға жауап беруді үйрету |
| | Математика негіздері | **Кеңістікті бағдарлау**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу.<br>**Уақытты бағдарлау**<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | **Жануарлар әлемі**<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.<br>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектер, қоңыздар, кейбір құстардың болмауы, қыста-құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюінсалыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. |
| | Құрастыру | **Құрылыс материалдарынан құрастыру.**<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру; Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен |

| | | |
|---|---|---|
| | | карау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Қағаздан құрастыру.**<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу.<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.** Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу.<br>Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау. |
| | Сурет салу | **Заттық сурет салу.**<br>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.<br>**Сюжеттік сурет салу:**<br>Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br>**Сәндік сурет салу.**<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. |
| | Мүсіндеу | **Заттық мүсіндеу.**<br>Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру:<br>1) түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу;<br>**Сюжеттік мүсіндеу.**<br>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.<br>**Сәндік мүсіндеу:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. |
| | Жапсыру | **Заттық жапсыру:**<br>қайшыныдұрысұстаужәнепайдаланабілудіқалыптастыру.<br>Түзусызықпеналдыменқысқасодансоңұзынжолақтардықиюдыүйрету.<br>**Сюжеттік жапсыру:**<br>барыншакүрделізаттарды, жануарларпішінінбейнелеу, заттардықағазбетіндеорналастырудағдыларынқалыптастыру. Композицияныкұрастырукезіндезаттарменнысандардыңкөлемібойыншаарақатынасынескеру; көлденеңіненкию, шаршыдағыбұрыштардықиюдыбекіту.<br>**Сәндік жапсыру.**<br>Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша біріздiлігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. |
| | Музыка | Музыка жетекшісінің жоспары бойынша |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Мамыр | Дене шынықтыру | **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сөйлеуді дамыту | **Байланыстырып сөйлеу**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| | Көркем әдебиет | Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. |
| | Қазақ тілі | Тақырыпқа байланысты сөздермен таныстыру; сөз тіркестерін және шағын сөйлемдерді құрастыруға үйрету; «Не?» «Қандай?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; «Ө», «Қ», «Ү», «І» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Үй, пәтер, бөлме, қабырға, киіз үй)<br>Зат есімнің жекеше және көпше түрлерін қолдануға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйрету. |
| | Математика негіздері | **Кеңістікті бағдарлау**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу.<br>**Уақытты бағдарлау**<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | **Жәндіктер әлемі**<br>Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, |

| | | |
|---|---|---|
| | | қыстап қалған құстарға жем беру) баулу. |
| | Құрастыру | **Құрылыс материалдарынан құрастыру.**<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру;<br>**Қағаздан құрастыру.**<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу.<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.**<br>Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу.<br>Конструктор бөлшектерінен құрастыру. |
| | Сурет салу | **Заттық сурет салу.**<br>Балалардыңдербестәжірибелікәрекеттеріменбайланыстыэстетикалыққабылдауындамыту. Бояулармен, қарындаштармен, борлармендәстүрліжәнедәстүрдентыстәсілдерменсуретсалудыңтехникасынжетілдіру.<br>**Сюжеттік сурет салу:**<br>қоршағанортаныңәсемдігіне, өнертуындыларына, тұрмыстықзаттарға, қазақжәнебасқахалықтардыңойыншықтарынаэмоционалды-эстетикалықталғамдағдыларынқалыптастыру.<br>**Сәндік сурет салу.**<br>қазақ халқының және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыру барысында эстетикалық қабылдауын дамыту |
| | Мүсіндеу | **Заттық мүсіндеу**<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>**Сюжеттік мүсіндеу**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.<br>**Сәндік мүсіндеу:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Жапсыру | **Заттық жапсыру:**<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын калыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.<br>**Сюжеттік жапсыру:**<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандык, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту<br>**Сәндік жапсыру**<br>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда кауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | Музыка | Музыка жетекшісінің жоспары бойынша |